

ҰЛЫ НАУРЫЗ - ЫРЫС ПЕН МОЛШЫЛЫҚ!

Аудан әкімі Ғалымжан Маманбаевтың мерекелік құттықтауы

Ардақты ағайын, қадірменді жерлестер!

Жер дүниені жасандырып, тіршілік атаулыны тірілтіп, өз Наурыз мерекесі де келіп жетті. Бар жақсылықтың бастау бұлағы саналатын осынау күнді ата-бабаларымыз сонау есте жоқ ескі заманнан жыл басы санапты. Наурыз табиғаттың оянуы мен көгілдір көктемнің келуінің белгісі. Ұлыс күні барша жан бір-біріне жылылық пен мейірімділікке толы ақ тілектер айтып, барлық реніштер мен өкпе-назды ұмытып, Жаңа жылды, Жаңа күнді ақ пейіл, таза жүреппен бастауға ұмтылады. Ұлтымызды ұйыстырып, елімізде тұратын барша ұлттар

мен ұлыстарды береке мен бірлікке үндейтін Наурыз мерекесі биыл онкүндік аясында айрықша атап өтіліп, құндылықтарымыз қастерленіп, адамгершілік, қайырымдылық, сыйластық сынды асыл қасиеттер паш етіледі.

Сондықтан осындай атаулы мейрамның кез келген мерекеден орны ерекше саналады. Халық сенімі бойынша бұл күнде айтылған ақ тілектер қабыл болады екен. Ендеше, баршамыз бір-бірімізге бақ пен береке, ырыс пен ырзық тілейік. Ұлыстың Ұлы күні әрбір жанұяға жақсылығын, толағай табысы мен баянды бақытын әкелсін!



САРҒАН

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады • www.sarkan-gazeta.kz • e-mail: Igiman01@mail.ru • №11 (95169) 20 наурыз 2026 ж.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Конституцияны қабылдауға арналған салтанатты жиынға қатысты

Ақордада өткен іс-шараға Премьер-министр Олжас Бектенов, Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев, Парламент Мәжілісінің Төрағасы Ерлан Қошанов, Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин, Президент Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебай, Үкімет мүшелері, орталық мемлекеттік органдардың жетекшілері, облыс, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері, сондай-ақ Конституциялық комиссия мен Жалпыұлттық коалиция мүшелері қатысты.



Құрмет қарауылы Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын салтанатты түрде ортаға алып шыққан соң еліміздің Әнұраны орындалды.

Орталық референдум комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров жаңа Конституция жобасы бойынша республикалық референдумның қорытындысын жариялады.

Содан кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының Конституциясына және «2026 жылғы 15 наурызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды.

Салтанатты рәсімнен кейін Президент сөз сөйледі.

Президент жаңа Конституцияны іске асыру жөнінде жұмыс кеңесін өткізгі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен биыл 15 наурызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясын іске асыру мәселесі жөнінде жұмыс кеңесі өтті.



Кеңеске Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев, Парламент Мәжілісінің Төрағасы Ерлан Қошанов, Премьер-министр Олжас Бектенов, Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин, Президент Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебай, Президенттің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі Ержан Жиенбаев және Әділет министрі Ерлан Сәрсембаев қатысты.

Президент бүгін «2026 жылғы 15 наурызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойғанын атап өтті. Мемлекет басшысы алда заңдар мен өзге де нормативтік-құқықтық актілердің ережелерін жаңа Конституцияға сәйкестендіру бойынша ауқымды жұмыс тұрғанын айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев, ең алдымен, жаңа Конституцияға сәйкес билік институттарының қызметін айқындайтын заңдарды түзеу қажеттілігіне назар аударды. Жалпы, алты конституциялық заң және өзге заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде үш заң қабылдау қажет. Конституция күшіне енетін күнді ескере отырып, тиісті заңдарды Парламент сессиясы аяқталғанға дейін қабылдау керек. Мемлекет басшысы заңдарды сапалы әрі уақтылы әзірлеп, қабылдауды тапсырды. Сондай-ақ Үкімет заңға тәуелді нормативтік-құқықтық актілерді кешіктірмей түзеуге тиіс.

2025 ЖЫЛЫ ЭКОНОМИКАНЫ ҚОЛДАУ КӨЛЕМІ ЕКІ ЕСЕГЕ ӨСТІ

Премьер-министр Олжас Бектенов «Бәйтерек» Ұлттық инвестициялық холдингі» АҚ директорлар кеңесінің отырысын өткізді, оның барысында 2025 жылғы инвестициялық саясатты орындау қорытындылары, сондай-ақ экономиканың басым бағыттарын одан әрі қаржыландыру мәселелері қаралды.

Отырысты ашқан Премьер-министр Директорлар кеңесінің мүшелерін және шақырылғандарды Қазақстанның жаңа Конституциясының қабылдануымен құттықтап, оқиғаның тарихи маңыздылығын атап өтті.

«Қазақстан өзінің саяси, әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық дамуының жаңа кезеңіне аяқ басты. Біздің барлығымызды еліміздің Ата заңында орныққан қағидаттарды, нормалар мен постулаттарды жүзеге асыру бойынша үлкен жұмыстар күтіп тұр», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

«Бәйтерек» ҰИХ басқарма төрағасы Рустам Қарағойшиннің мәліметінше, 2025 жылы еншілес ұйымдар арқылы экономиканың шикізаттық емес салаларын қаржыландыру көлемі 8 трлн

теңгені құрады, бұл алдыңғы жылғы деңгейден 96%-ға жоғары. 7,1 трлн теңге сомасындағы қолдау шамамен 75 мыңға компания мен ұйымдарға көрсетілді. Холдингінің көмегіне ие болған кәсіпорындардың экспорт көлемі 1,9 трлн теңгеге жетті, бұл 2024 жылғы көрсеткіштен екі есе көп.

Жиында агроөнеркәсіп кешенін қолдауға баса назар аударылды. 2025 жылы АӨК-ті қаржыландыру 1,4 трлн теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 31%-ға артты. Холдингінің көмегімен 11,5 мыңнан астам ауыл шаруашылығы техникасы сатып алынды. Холдинг қызметінің нәтижесінде 10 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылды.

Мемлекет басшысының Ақмола облысындағы егін жинау науқаны мәселелері жөніндегі жиында берген тапсырмасын орындау шеңберінде 2026 жылғы егін науқанын ерте қаржыландыру бойынша жұмыс жалғасуда. Директорлар кеңесі «Аграрлық несиелік корпорациясы» арқылы көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын қаржыландыру үшін 300 млрд теңгеге дейін облигациялар шығаруды мақұлдады. Сондай-ақ отандық өндірістегі ауыл шаруашылығы

техникасының лизингін 150 млрд теңгеге дейін қаржыландыру ҚазАгроҚаржы арқылы және әлеуметтік осал топтар мен кезекте тұрған азаматтар үшін 100 млрд теңгеге дейін ипотекалық несиелеуді Отбасы банк арқылы жүзеге асыру мақұлданды.

2026 жылы «Бәйтерек» холдингі экономика салаларын қолдауға 8 трлн теңгеге дейін бағыттауды жоспарлап отыр. Басым бағыттардың қатарында өнеркәсіп пен инфрақұрылымды қаржыландыру, агросекторды қолдау, экспортты дамыту және халықты қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету бар.

Премьер-министр Олжас Бектенов экономиканың нақты секторын қолдауды одан әрі күшейтудің, шикізаттық емес салаларды дамытудың және Холдинг құралдарының тиімділігін қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өтті. Жиын қорытындысы бойынша 2025 жылғы IV тоқсанға арналған тәуекелдер бойынша консолидациялық есеп, корпоративтік басқаруды жетілдіру іс-шаралары жоспары орындау нәтижелері және 2025 жылға арналған Директорлар кеңесінің қызметін бағалау нәтижелері де мақұлданды.

Бүгінгі нөмірде:

► Ұлыстың Ұлы күні



► Театр тарланына құрмет көрсетілді



► Еменнің иір бұтағы



Жетісуда жасанды интеллект көмегімен жаңа Конституцияға арналған мурал салынды



Жетісу облысында жаңа Конституцияға арналған мурал салынды. Оның эскизін дайындауда жасанды интеллект мүмкіндіктері пайдаланылды. «Jetisu jastary» КММ-нің ұсынысымен салынған «Ата заңым - айбыным» муралы жастардың азаматтық мәдениетін қалыптастыруға және заманауи көше өнері арқылы қоғамдағы маңызды құндылықтарды дәріптеуге бағытталған, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Бұл арт-нысан Талдықорған қаласындағы көп қабатты үйлердің бірінің қабырғасында кескінделген. Муралдың ашылу салтанаты өтіп, оған өңір жастары, қоғам белсенділері, шығармашылық орта өкілдері және қала тұрғындары қатысты.

- Біздің жаңа муралымыз Ата Заңымызға арналған. Кеше Мемлекет басшысы атап өткеніндей, жаңа Конституция ең алдымен жастарға бағытталған. Ата Заңымызға волонтерлік қызмет, ғылым, инновация, жасанды интеллект ұғымдары енгізілген. Осыған байланысты біз муралды заманауи мүмкіндіктермен ұштастыруға тырыстық. Көркем туындыда бірлік, әділдік, жауапкершілік және болашаққа деген сенім идеялары бейнеленіп, қоғамдағы өзара құрмет пен ынтымақтастықты дәріптейтін мазмұн көрініс тапты. Өйткені Конституция – барлық осы игіліктің бастауы, - деді «Jetisu jastary» КММ-нің директоры Шамиль Ванкеев.

Мурал авторы Ернұр Бақбергеновтің айтуынша, бұл жұмыс қоғамдағы маңызды құндылықтарды заманауи өнер тілі арқылы жеткізуге бағытталған.

- Мұндай шығармашылықпен 6 жылдан бері кәсіби түрде айналысып келемін. Осы уақыт аралығында «Заң мен Тәртіп», «Таза Қазақстан» сияқты идеологиялық және қоғамдық маңызы бар тақырыптарда бірқатар муралдар салдым. Ал осы жобамның ерекшелігі – муралдың эскизі жасанды интеллект көмегімен әзірленді. Бұл тәсіл шығармашылық пен технологияны ұштастыра отырып, заманауи өнердің жаңа бағыттарын көрсетуге, сонымен қатар қысқа мерзім ішінде жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мысалы, біздің шығармашылық топ муралды 3 күннің ішінде толық салып бітті, - деді жас суретші.

Еске салсақ, бұған дейін өңір жастарының бастамасымен облыстың аудан орталықтарында «Таза Қазақстан», «Адал Азамат», «Заң мен Тәртіп» қағидаларына арналған үш мурал Көксу, Қаратал, Сарқан аудандарының орталықтарында салынған болатын.

ЖИ көмегімен тұрғындар өздерін қазақ батырларының бейнесінде көре алды

«Digital Nauryz» аясында Жетісу облысында AI Nauryz атты ашық қалалық алаң ұйымдастырылды. Бұл алаңда облыс орталығының тұрғындары мен қала қонақтары жасанды интеллект мүмкіндіктерімен танысып, заманауи цифрлық құралдарды интерактивті форматта пайдаланып көрді. Іс-шараның басты ерекшелігі – әр келушіге ұлттық стильде жеке портретін жасау мүмкіндігі жасалды: ер азаматтар өздерін айбынды қазақ батырларының бейнесінде елестетсе, әйелдер жасанды интеллект арқылы жасалған көркем ұлттық киімдерді «киіп» көрді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



Ерекше цифрлық іс-шара облыстық цифрлық технологиялар басқармасының ұйымдастыруымен «Jetisu Digital» IT-хабымен бірлесіп, жаяу жүргіншілерге арналған Арбат аймағы аумағында өтті. Мұнда кез келген қалаған адам жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін өз көзімен көріп, нейрожелілердің әр адамға қолжетімді, шығармашылық пен дамуға жол ашатын пайдалы құрал екеніне көз жеткізе алды. Алғашқы аймаққа шығармашылар жастар мен қызығушылық танытқан қала тұрғындары жиналды. Бұл жерде IT-хаб мамандары кескін (сурет) генерациялау құпияларымен бөлісті. Қатысушылар арнайы мәтіндік сұраныстар – промпттарды құрастыруды үйреніп, сол арқылы нейрожелі бірегей бейнелер жасайтынын тәжірибе жүзінде көрді. Соның ішінде ұлттық стильде жеке портрет жасау көпшіліктің ерекше қызығушылығын тудырды.

Екінші алаң тікелей қарым-қатынас пен әлеуметтік интерактивке арналды. Жүргізуші қала тұрғындарын түрлі сауалнамаға тартып, технологиялардың адамдардың жеке өміріне қаншалықты терең енгенін анықтауға тырысты. Ең үздік әрі қызықты жауаптар экранға шығарылып, қатысушылармен бірге талқыланды.

Іс-шараның ашық кеңістік форматында өтуі қала тұрғындарына әртүрлі цифрлық алаңдармен еркін танысуға мүмкіндік берді.

- Бүгінгі күні жасанды интеллект күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Қазіргі таңда болашақ технологиялары өмірімізге толық енді деуге болады. Іс-шарамыздың аясында әрбір ниет білдіруші цифрлық инновациялармен жақынырақ танысып, жасанды интеллект мүмкіндіктерін іс жүзінде сынап көрді. Біз заманауи технологиялардың күнделікті өмір мен мәдени дәстүрлермен үйлесімді ұштасатынын көрсетуді мақсат еттік, - деді Жетісу облысының цифрлық технологиялар басқармасының басшысы Айдын Темірбаев.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

●Еңбек адамы

Бір тілім нанның қадірін білген ата-бабаларымыз бағзы заманнан ас атасын адамзаттың басты тағамына балаған. Олардың «дастарханымда наны жоқтың, тамағында сәні жоқ» деуінің астарында да терең мән бар. Молшылықтың, әл-ауқаттың белгісі ретінде дастарханның басты мәзіріне айналған нанды әзірлеудің артында наубайшылардың қаншама маңдай тері тұрғандығын көбіне бағамдай бермейміз.

Наубайшы адамға алдымен қолға алған ісіне адалдық пен төзімділік қажет. Бұл Сарқан қаласындағы «Ардагер» наубайханасының басшысы Әсем Қалабаеваның алдына қойған басты ұстанымы.

Алмалы ауылының келіні, Бірлік ауылының тумасы Әсем Қалабаева өз кәсібінің арқасында табысқа кенеліп отырған жанның бірі. Наубайхана жетекшісі Әсем Қалабаеваның негізгі мамандығы – сүт өнімдерінің технологиясы. Негізгі кәсібіне жұмыссыз кезінен кіріскен ол алдымен үйде отырып нан пісіре бастайды. Кейіннен тапсырыс көбейіп, қолайлы кәсібін жүзеге асыруды ойлап, наубайхана ашуды мақсат етеді. Бүгінде наубайхана нан өнімдерімен тек Сарқан ауданының ғана емес, көршілес Ақсу ауданының тұрғындарын да қамтып отыр. Ашылғанына 7 жыл болған шағын наубайханада барлығы 6 адам жұмыс істейді. 2 көлік жүргізуші және Әсемнің өзімен қосқанда 4 наубайханашы бар.

- Кәсібімді ең алғаш 2 қап ұнмен бастаған. Бір қап ұннан шамамен 130 бөлке шығады. Сарқан ауданынан бөлек Ақсу ауданының Қаракемер, Қызылту, Қызылтаң, Сағабүйен, Қарашілік ау-



АС АТАСЫНА АДАЛДЫҚ

ылдарын да нан түрлерімен қамтамасыз етіп отырмыз. Бізде нанның 8 түрі, атап айтқанда батон, плетенка, лепешка, сайка, заводской, үй наны, қалаш, сонымен қатар тоқаштың әр түрлері де әзірленеді. Кейінгі уақытта қазанжаппай дайындауды да қолға алдық. Наубайхана орналасқан үйді жалға алдық. Нан түрлерін әзірлейтін Күләтай Асқанбаева, Нұргүл Аубакирова өз ісінің шеберлеріне айналды. Кейінгі кездері олардың қатарына көпбалалы ана жас наубайшы Қарлығаш Аятбекова да қосылды. Жаздың аптабы мен қыстың қытымыр суығына қарамай ыстық нанды тұтынушыларға жеткізетін Ерденбек Илиясов, Қасым Ерқасымұлы есімді жүргізушілеріміз де өз ісіне берілген, - дейді Әсем Тынысбекқызы.

Әсем бұл кәсіпке кездейсоқ келген жоқ. Ең алғаш тандыр нан пісіріп, сатты. Қырғыздың тандыр нанын пісіріп, Сарқан мен Жансүгірдегі тұтынушыларына жеткізіп жүрді. Сол кезде үлкен наубайха-

на ашуды мақсат тұтты. Содан ісі ілгері жылжыды. Нанның арқасында үйлі де болды, кәсіпкерлік саладағы тәжірибесі де молайды. Тұтынушылардың талғамынан шығу мақсатында өнімнің санына емес, сапасына басты мән береді. Қасындағы Күләтай Асқанбаева апамыз жасы 70-ке таяп қалса да өмірлік тәжірибесімен бөлісіп, кейінгі буынға білгенін үйретуден жалықпайды. Ал екіашалық Нұргүл Аубакирова болса жердің шалғайлығына қарамастан өзіне тапсырылған жауапкершілікті сезініп, сенім үдесінен шыға білуде. Наубайхананың арқасында өзімен бірге 5 отбасының күнделікті ризығын айырып отырған Әсем Қалабаеваның алдыға қойған жоспары - нан өнімдерін дайындау ісінде озық тәжірибе жинап, сүйікті кәсібінде биік белестерден көріну.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.

СОСТОЯЛОСЬ ОЧЕРЕДНОЕ ЗАСЕДАНИЕ СОВЕТА ПО БАРЬЕРАМ

В Департамент Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по области Жетісу состоялось очередное заседание Совета по выявлению и устранению барьеров входа на товарные рынки.

В ходе заседания были рассмотрены проблемные вопросы в сфере организации питания обучающихся в государственных организациях образования. В частности, обсуждался критерий оценки поставщиков по опыту работы, предусмотренный типовой конкурсной документацией при выборе поставщиков услуг или товаров по организации питания обучающихся.

Участники Совета отметили, что данный критерий может создавать определённые барьеры для участия в конкурсных процедурах. Учет опыта работы за длительный период сужает круг потенциальных участников, ограничивает доступ на рынок для новых компаний и субъектов малого и среднего бизнеса, а также может усиливать позиции действующих поставщиков.

В этой связи членами Совета принято решение направить в Агентство по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан предложение о сокращении периода учета опыта работы в целях усиления конкуренции на рынке услуг питания в организациях образования с последующим включением данного вопроса в карту республиканского Совета по барьерам.

Департамент қызмет алушылардың құқығын қалпына келтіргі

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті қызметінің басым бағыттарының бірі - көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру және халықтың сапалы қызмет алуын бақылау болып табылады.

2025 жылы жүргізілген қашықтан бақылау, жоспарлы және жоспардан тыс тексеріс нәтижесінде 645 азаматтың бұзылған құқықтары қалпына келтірілді. Аталған жұмыс тұрақты түрде бақылауда және жалғасын табауда.

Ағымдағы жылы да жоспардан тыс тексеру нәтижесінде қызмет алушылардың бұзылған құқықтары қалпына келтірілді. Мысалы, Жаркент қаласының тұрғынына жер учаскесіне құқық беру туралы шешімнің уақтылы шығарылмағаны анықталды.

Департамент сұрау салу негізінде жүргізген тексеріс барысында мемлекеттік қызмет көрсету ережелерінің бірінші кезеңіне сәйкес барлық келісу рәсімдерінен өткенімен, түпкілікті шешімге заңсыз түрде қол қойылмағаны белгілі болды. Анықталған заңбұзушылық қызмет көрсету тәртібінің сақталмауына қатысты болғандықтан, қолданыстағы заңнамаға сәйкес тиісті шаралар қабылданды.

Департаменттің араласуымен мәселе оң шешімін тауып, қызмет алушыға жер учаскесі берілді. Өз кезегінде, заңбұзушылыққа жол берген жауапты лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Бұл жағдай қабылданған шаралардың тиімділігін, сондай-ақ заңдылық пен әділдік қағидаттарына адалдықты айқын көрсетеді. Қызмет алушылардың құқықтарын қорғау, ашықтық пен есептілікті қамтамасыз ету - Департамент жұмысының басты басымдығы болып қала береді.



Құқықтық мемлекеттің негізі ретіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы жауапкершілік

Қазіргі заманда сыбайлас жемқорлық кез келген мемлекеттің дамуына кері әсер ететін ең қауіпті әлеуметтік құбылыстардың бірі болып табылады. Ол мемлекеттік басқару жүйесіне, экономиканың дамуына және қоғамның мемлекетке деген сеніміне үлкен зиян келтіреді. Сондықтан құқықтық мемлекетті қалыптастырудың маңызды шарттарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді жауапкершілік жүйесін құру.

Егер қоғамда жемқорлық кең тараса, онда заңның үстемдігі әлсірейді және әділеттілік қағидалары бұзылады. Сыбайлас жемқорлық дегеніміз – қызметтік өкілеттіліктерді жеке пайда үшін заңсыз пайдалану. Ол пара алу, пара беру, қызметтік жағдайын асыра пайдалану, сеніп тапсырған мүлікті иемдену сияқты әрекеттер арқылы көрініс табады. Мұндай әрекеттер мемлекетке ғана емес бүкіл қоғамға зиян келтіреді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жауапкершілік – құқықтық мемлекеттің маңызды элементтерінің бірі. Қазақстан Республикасының заңнамасында жемқорлық құқықбұзушылықтары үшін қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік жауапкершілік қарастырылған. Бұл шаралар мемлекеттік қызметкерлердің заңсыз әрекеттер жасауына тосқауыл қоюға бағытталған. Сонымен қатар, жемқорлықпен күрес тек жазалау шараларымен ғана шектелмеуі тиіс. Оның алдын алу, қоғамда адалдық пен әділдік құндылықтарын қалыптастыру да маңызды. Мемлекеттік қызметтің ашықтығы, қоғамдық бақылау және азаматтардың құқықтық мәдениетінің жоғары болуы жемқорлықты азайтуға ықпал етеді.

Қорытындылай келе, сыбайлас жемқорлыққа қарсы жауапкершілік құқықтық мемлекетті қалыптастырудың негізгі шарттарының бірі болып табылады. Заңның үстемділігі сақталып, барлық азаматтар заң алдында тең болған жағдайда ғана қоғамда әділдік пен тұрақтылық орнайды. Сондықтан жемқорлықпен күрес – мемлекеттің ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті.

Ж.МОЛДАХАН,

"Жоңғар-Алатауы" МҰТП ЖДҚЖӨМ бөлімінің басшысы.

•101 ескертеді

Газ құралдарын пайдалану кезінде абай болайық



Бүгінде үйлердегі газдандыру ешкімді таң қалдыруы екіталай. Бірақ әдет жаман қызмет етуі мүмкін.

"Үй" газы екі түрлі болуы мүмкін: МЕТАН (сіздің плитаңызға магистральдық құбыр арқылы өтетін) және ПРОПАН/БУТАН (ол қызыл және сары баллондарда әкелінеді). Қарапайым адам бұл газдарды ажыратпайтын нәрсе емес, ол оларды тіпті ашпайды — олар иіссіз. Алайда, олардың ағып кетуін анықтау үшін газға жағымсыз иісі бар зат қосылады. Ол газбен байланысты.

БІЛУ МАҢЫЗДЫ: Метан ауадан жеңіл және жоғары қарай ұмтылады.

Баллон газы ауыр — ол төменде жиналады, егер жарықтар болса, еден астына енеді.

Егер баллоннан ағып кету пайда болса, мысалы, жертөлелер мен жер асты сулары жиі болатын тұрғын үйде — ағып кетсін және аз болсын, газдың жиналуы мүмкін және бір сәтте коммутатордан бір кішкентай ұшқын апат үшін жеткілікті болады. Егер сіздің жертөлеңізде электр қуаты болмаса, сіз жай ғана газбен дем ала аласыз.

Статистика мәлімдегендей, газбен болған барлық оқиғалардың басты себебі-белгіленген қауіпсіздік нормаларына немқұрайлылық пен немқұрайлылық.

Есіңізде болсын:

1. Газ аспаптарын жағу алдында және жану кезінде желдеткішті немесе терезені ашып немесе мәжбүрлі желдету жүйесін қосып, бөлмені желдетіңіз.

2. Тұтану алдында түтін арналарындағы тартылыстарды тексеріңіз, оны жану кезінде мезгіл-мезгіл жасаңыз.

3. Бірақ, газ құралдарын қараусыз қалдырмаңыз.

4. Жылыту үшін газ плиталарын пайдаланбаңыз!

5. Газ жабдығын құрастырмаңыз, тасымалдамаңыз және жөндемеңіз! Бұл өте қауіпті және жарылысқа әкелуі мүмкін.

РАХМАРОВ,

Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы, азаматтық қорғау капитаны.

Өрт қауіпсіздік шаралары

Өрт қауіпсіздігі – бұл өрт болу мүмкіндігін болдырмау және оның пайда болған кезінде адамдарға, құрылыс және материалдық құндылықтарға өрттің қауіпті факторларының жағымсыз әсерлерін жою үшін қажетті шараларды қолдану болып саналады.

Егер Сізде немесе көршілеріңізде өрт орын алған болса, өртке қарсы қызметті шақырыңыз. Диспетчерге келесі ақпаратты хабарлауға дайын болыңыз: нақты мекенжайы (көше атауы, үй нөмірі, кіреберіс, қабат); өрт ошағының орны (пәтер, дәліз, жертөле, шатыр); егер жағдай мен уақыт мүмкіндік берсе, кім қоңырау шалып жатқанын, телефон нөмірін атаңыз және диспетчердің сұрақтарына жауап беріңіз; егер жараланғандар мен зардап шеккендер болса, олардың саны мен алған жарақаттарының сипатын атаңыз; қажет болған жағдайда жол және кіреберіс нұсқаларын түсіндіріңіз. Газды жабыңыз. Бөлмені тоқтан ажыратыңыз. Түтін басқан бөлмелерден адамдарды көшеге шығарыңыз. Терезелер мен есіктерді жабыңыз. Өрттің таралуы туралы көршілерге хабарлаңыз. Әрекеттер дүрбелең тудырмауы керек. Адамдарды бөлмеден шығарып, ықтимал эвакуациялау туралы ескерту қажет. Егер кіреберісте автоматты өрт қауіпсіздігі жүйесі орнатылған болса, үйдің барлық тұрғындарын хабардар етуді жылдамдату үшін оның іске қосылуын қамтамасыз етіңіз. Егер жану ауқымы отты өз бетінше жеңуге мүмкіндік берсе, өртті өз күшіңізбен сөндіруге әрекет жасай аласыз. Ол үшін қол жетімді өрт сөндіру құралдарын: өрт сөндіргіштерді, өрт қрандарын, су құбырынан алынған суды, мақта көрпені пайдалану қажет.

Тұрмыстық электр аспаптары жанған кезде ашаны розеткадан шығарып, оны тоқтан ажырату керек. Егер мұны қауіпсіз ету мүмкін болмаса, Сіз автоматты өшіру немесе электр панеліндегі тығыздарды бұрап, бөлмені толығымен өшіруіңіз керек. Газ құбыры болған кезде, әсіресе, егер өрт ас үйде басталса, газ беруді жабу қажет.

Назар аударыңыз! Егер жағдай бақылаудан шықса, бөлмеден шығыңыз! Мүмкіндігінше барлық терезелерді және міндетті түрде кіреберіс есікті жабыңыз. Бұл оттегінің ағынын баяулатады және өрттің тез таралуына жол бермейді.

Ө. ҚАБДЕШОВ,

Сарқан ауданы ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Көлік өртінің негізгі себептері

Автомобильде өрттің пайда болу себептері өте көп, бірақ, әдетте, адам факторы кінәлі.

Себептері: 1.Өндірушінің қатесі. Бұл себеп жиі емес, бірақ соған қарамастан, ол орын алады және Біз білетіндей техника өрқашан сенімді бола бермейді. Өрине, сіз осы немесе басқа өндірушінің жаңа автомобильдердің партиясын қалай шақыратыны және ақауларды жойғанға дейін өндірістен қалай шығаратыны туралы бірнеше рет естіген боларсыз. 2. ТҚ үшін бақылаудың болмауы. Тағы бір жиі кездесетін себеп-иесінің автомобильдің дұрыс техникалық жағдайын бақылаудың болмауы, техникалық тексеру мен техникалық қызмет көрсетудің уақтылы жүргізілмеуі. 3. Қозғалтқыштың қызып кетуі. Жоғарыда айтылғандай, бұл себеп автомобильдің жағдайын бақылаудың болмауынан туындайды, қозғалтқыш өте жоғары температураға дейін жылынуға қабілетті, ал капот астындағы кеңістікте май мен электр сымдарының болуы жану ықтималдығын арттырады. оқшаулау салоны. 4. Электр жүйесіндегі ақаулық. Автомобильдегі электрлік ақауының жағдайы-жанудың ең көп таралған себептерінің бірі. 5. Кедергіе немесе басқа көлікке соқтығысу. Жол-көлік оқиғасы кезінде жану үшін тамаша жағдайлар жасалады. Қатты соққымен жанармай құю және ұшқын пайда болуы мүмкін. 6. Өртеу. Мүмкін, бұл жүргізуші автомобильдің жағдайын қадағалап отыр ма, жоқ па, маңызды емес себептердің бірі. 7. Айналатын жанғыш сұйықтықтармен қосылыстардың герметикалығы мен бүлінбеуі. Автомобильде белгілі болғандай, қауіпті сұйықтықтар-бұл бензин мен дизель отыны ғана емес, сонымен қатар қозғалтқышқа айналатын май, трансмиссиядағы сұйықтық, егер жүйелердің кем дегенде біреуі зақымдалған болса, қайтымсыз тізбекті реакция басталуы мүмкін. 8. Жанармай жүйесінің ағуы. Мүмкін, бұл бүгінгі күні өрттің ең көп тараған кінәсі. Жанармай жүйесінде бензиннің көп мөлшерде булануы мүмкін негізгі себептері, сонымен қатар будың тұтануы үшін кішкене ұшқын жеткілікті.

Е.ЖАПАРҒАЛИ,

Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің аға анықтаушысы, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Пожароопасный период

Пожароопасный период - это наиболее напряжённое время в работе сотрудников национального парка. В условиях сухой, жаркой и ветреной погоды риск возникновения природных пожаров значительно возрастает. От профессионализма, внимательности и оперативности работников зависит сохранность уникальных природных комплексов, объектов инфраструктуры и безопасность посетителей. Основные причины пожаров в пожароопасный период делятся на природные и антропогенные.

Природные причины: продолжительная засуха; высокая температура воздуха; сильный ветер; грозы с сухими молниями.

Человеческий фактор: неосторожное обращение с огнём; сжигание сухой травы и мусора; брошенные окурки; разведение костров в запрещённых местах; неисправность электрооборудования. По статистике, большая часть возгораний происходит именно по вине человека.

На особо охраняемых природных территориях пожары представляют двойную угрозу: уничтожаются редкие экосистемы, растения и места обитания животных. Возникает опасность для туристов, сотрудников и близлежащих населённых пунктов.

Даже небольшой очаг возгорания при сильном ветре способен быстро распространиться на большие площади, особенно в хвойных лесах и на участках с сухой травянистой растительностью.

В пожароопасный период сотрудники национального парка проводят регулярное патрулирование территории; проверяют состояние минерализованных полос и противопожарных разрывов; контролируют соблюдение посетителями правил пожарной безопасности; своевременно выявляют очаги возгорания; немедленно передают информацию руководству и в экстренные службы; участвуют в локализации и тушении пожара в пределах своей компетенции.

Также важно помнить, что профилактика — наиболее эффективная мера борьбы с пожарами. Работники национального парка информируют туристов о действующих ограничениях; разъясняют запрет на разведение костров вне специально оборудованных мест; напоминают о запрете сжигания мусора и сухой травы; размещают предупреждающие аншлаги и памятки; проводят разъяснительные беседы и инструктажи.

Пожароопасный период — это время повышенной ответственности для каждого человека. Соблюдение простых правил безопасности помогает сохранить природу, имущество и жизни людей. Только совместными усилиями государства и граждан можно снизить количество пожаров и их разрушительные последствия.

Р.ГАМАУДИНОВА,

мастер леса Черновского лесничества Лепсинский филиал РГУ «Жонгар – Алатауский» ГНПП.

Наурызнама тарихы

Қазақ халқының Наурызды тойлау дәстүрі бір күнмен шектелмеген. Ұлы далада көктем мерекесі кем дегенде бір аптаға созылды. Бұл туралы этнограф-ғалым Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы "Наурызнама" атты еңбегінде жазған.

"Жиырма тоғыз жасымда Бұқари шәріпте Ғабдолла ханның Наурызнама тойының ішінде сегіз күн болдым", - дейді Көпейұлы. Ал тағы бір жазбасында: "Үйсін Төле бидің заманында Наурызнаманың қадір құны астан, тойдан ілгері (жоғары) болған", - деген сөздер бар.

Ол кезде Наурызнаманың ұйымдастырушысы - бай және ауқатты адамдар, негізгі көркі - жастар, берекесі - ауыл ақсақалдары, ал ырзығы ақ дастарқан болған. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жазбаларына сәйкес, Наурызға арналған кітап та болды. Оны қожалар оқитын. Ал ақсақалдардың батасы таусылмайтын. Себебі "қазақтың қазақ болғанда, өзіне арналған, сыбағасына тиген жалғыз мейрамы - наурыздама".

"Қожа кітап оқығанда, шалдар бата қылғанда, жұрт жылап, шулап: "Әмин!" деп отырады. Сонан соң олардың айтқаны айдай келіп, халық жұрт ілгері басып, малы да өсіп, басы да өсіп берекелі болады. Мал сойып, наурыздама қылуға шамасы келмейтін кедейлер жалғыз қой сойса да, наурыз күні бір қазан көжеге салып: "Ауылға таттырамыз!"-деп, басын сақтап қояды", - деп жазды Көпейұлы.

Ертедегі дәстүр бойынша Наурызнаманың сегізінші күні "той тарқар" болады. Ол күні ат жарыс пен күрес

Ұлыстың ұлы күні

жалпыұлттық Наурызнама онкүндігі аясында тойланады

ұйымдастырылып, сыйлықтар үлестіріледі.

Наурызнама жаңғырды

2024 жылдан бастап Қазақстанда Наурыз мерекесі жаңа форматта атап өтуге шешім қабылданды. Бұдан былай Ұлыстың ұлы күні жыл сайын 14 – 23 наурыз аралығында тойланады. Оны жалпыұлттық "Наурызнама" онкүндігі деп атады. Негізгі мақсат - көпкүндік мерекенің қыр-сырын ашып, дәстүрлі сипатын дамыту. Ол үшін онкүндіктің әрбір күні белгілі бір шаралар ұйымдастырылады.

Наурызнама бағдарламасы:

14 наурыз күні – Көрісу күні - Амал мерекесі тойланады. Бұл дәстүр негізінде еліміздің батыс өңірлерінде сақталған. Аталған мерекені барлық аймақтарда тойлау ұсынылды.

15 наурыз – Қайырымдылық күні. Бұл күн ел бойынша қайырымдылыққа, мейірім мен тату көршілікке арналады.

16 наурыз – Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні. Ол күні қазақтың мәдениеті, өнері мен ұлттық құндылықтары кеңінен насихатталады.

17 наурыз – Шаңырақ күні. Осы күні отбасылық құндылықтарымызды дөріптеуге, өнегелі ұрпақ тәрбиелеген үлгілі отбасыларға арналған мәдени іс-шаралар өтеді.

18 наурыз – Ұлттық киім күні. Қазақтың ұлттық киімдерін насихаттауға арналған түрлі іс-шаралар өткізіледі.

19 наурыз – Жаңару күні. Осы күні көктемгі ағаш егу дәстүрі атқарылады.

20 наурыз – Ұлттық спорт күні. Бұл күні елдің барлық аймақтарында ұлттық спорттан түрлі жарыстар ұйымдастырылады.

21 наурыз – Ынтымақ күні. Бұл күннің идеясы – жалпы халық бір-біріне деген сый-құрметтерін арттырып, татулық пен бірлікті насихаттау болып табылады.

22 наурыз – Жыл басы. Бұл күні еліміздің барлық өңірлерінде жалпыхалықтық мәдени-спорттық іс-шаралар өткізіліп, стилді этноауылдар мен түрлі жәрмеңкелер ұйымдастырылады.

Ал Наурызнаманың қорытынды күні, жаңа жылды қарсы алудың символы ретінде 23 наурыз – Тазару күні деп жарияланды. Бұл күні Қазақстанның барлық аймақтарында жалпыұлттық экологиялық акция өтеді. Наурыздың бірегей логотипі де бекітілді. Онда үш бәйшешек Қазақстанның өткені, бүгінгі мен болашағын білдіреді.

Наурызнама халықаралық беделімізді көтереді

Наурызнама ел бірлігін нығайтудың маңызды факторы ғана емес, Қазақстанның бай тарихы мен дәстүрін кеңінен насихаттауға да негіз бола алады.



Майтанторы

Ұлыстың Ұлы күні Шығыс халқының ғасырлар бойы халықтың санасынан өшпеген Жаңа жылы. Биылғы жыл – Жылқы жылы. Осыған орай рухымызды көтеріп, ауылдың, елдің атын аспандататын арғымақтар өлеңге арқау болады.

Жақындықты сеземін қанымдағы,
Тұлпар - тағдыр ойымнан арылмады.
Шайтанторы шабысын көргенім бар,
Дүлдүл Ілияс ақынның тойындағы.

Жүйрігіне жарасқан ер тұрманы,
Шабандоздың бәйгеде жансын бағы.
Бәйге алдында тұлпарды тұрқы шағын,
Көргендердің белгілі қомсынғаны.

Мен де көргем, сол жайлы ел
сыр тыңдасын,
Менсінгем жоқ сұрықсыз түр - тұлғасын.
Жабыдайын жабыңқы, отсыз жанар,
Болжадым - ау жеңіске құлшынбасын.

Нәтижеге ертеңгі ділгір көпті,
Адастырып әзірше дүр - дүрмекті.
Қабырғаға бітетін қос қанатын,
Бой жасырып сырт көзге білдірмепті.

Ат дүбірі естілсе тұра алмайтын,
Тұлпар шапса жанкүйер ұрандайтын.
Қанаттанған пырақтың қасиетін,
Бұл бәйгені көрмесем ұғам ба айқын.

Бәйге деген қазақтың жан құмары,
Кілең жүйрік сүйіктіктей таң қылады.
Шапқан жерін бірдемде ор қылады,
Белден белге сурет қой қарғығаны.

Шаңжұтқызбай, шабандоз жасқанбастан,
Орта топпен жайымен қапталдасқан.
Бастапқыда бабымен көштен озбас,
Бойындағы қуатты ақтармастан.

Алғы лекке алқынбай енісімен,
Ізdedік біз торыны топ ішінен.
Бірте-бірте екпінін еселеген,

Арғымақтың аңдасам өрісі кең.

Сипаттайын, сөз майын ағызайын,
Деді ме екен сөреден табылайын.
Құйрық - жалы есіліп қас жүйріктің,
Белі иіліп жүйткіді тазыдайын.

Соңғы айналым... Демеді шіркін дүбір,
Соңғы айналым... Сәйгүлік
жұлқынды бір.
Соңғы айналым... Оқ бойы озық шықты,
Төбіренді тау, толқыды ел, сілкінді қыр.

Озады - ау деп көңілде жанғанда үміт,
Будақ - будақ соңына шаң қалдырып.
Ағып өтті мәреден Шайтанторым,
Шабысымен қауымды таңдандырып.

Атбегі тұр арылып алаңынан,
Күміс күлкі, шаттыққа толады маң.
Дүние аунап түсті ме сәйгүліктің,
Сексеуілдің шоғындай жанарынан.

Жаратылып, тер үзіп, таң асқаным,
Қолтығыңда пырағың - қанаттарың.
... Желден озған жүйрікке көз тимесін,
Деп тілеп ек өзіңнен Жаратқаным!..

Жүзеге аспай, амал не, көп тілегі,
Тіл ме, көз бе... не деген өткір еді.
Ақсады да аяқтан, ұмыт қалды,
Тұлпар даңқын ел енді естімеді.

Дәтке қуат үміттің жалғанғаны,
Тұлпарлардың тұяғы самғайды әлі.
Жүйріктердің тағдыры қандай ұқсас,
Тез сөнетін шырағы маңдайдағы...

Жомарт ИГМАН.

Қазақтың салт-дәстүрлері

Әрбір халықтың ұлттық тұрмыс-тіршілігінде, тарихи даму барысында ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар ерекше рөл атқарады. Ана жылдары жаңғырған Наурызбен бірге салт-дәстүрлеріміз ортамызға қайта оралды. Ұлттық дәстүрлерді жаңашылдықпен жалғастыра түсу – қай заманда болмасын аса маңызды мәселе, ұлттық дамудың бірден-бір шарты.

АШАМАЙҒА МІНГІЗУ. Баланың сана-сезімін жетілдіру үшін жасалатын тәрбиелік салттың бірі — осы ашамайға мінгізу салтанаты болып табылады. Жас бала есі кіріп 6-7 жасқа келген соң оған жеке тай атап, ашамай істетіп, қамшы өріп "сен азамат болдың" деген сенім ұялатып, үйретілген жуас тайға әсем ашамай ерттеп мінгізіп, жүргізеді. Бұл баланың көңілін өсіреді, басқа балалар алдында мерейі көтеріліп, мақтаныш сезімде болады, тез есейеді. Оны еңбекке, адамгершілікке тәрбиелеудің ұлттық әдістемелік жолдың бірі — осы ашамайға мінгізу арқылы көрінеді. Ақ тілекті аналар шашу шашады. Ересек балалар тайға мініп, жарысады. Аяғы шағын тойға ұласады.

БАУЫРЫНА САЛУ. Әдетте қарт аталар мен әжелер алғашқы немересін немесе жақын кісілер өз туыстарының баласын қолына алып, өз "бауырына салды" дейді. Бауырына салушы адам баланы өз ата-анасынан ажыратпайды. Баланы екі үйде де тең өсіріп әлпештейді. Әдетте үлкен кісілер мұндай баланың тәрбиесіне өте көңіл бөліп, оларды өнегелі азамат етіп өсіруге, адамгершілік жақсы қасиеттерді бойына сіңіруге зор ықпал жасайды. Бала ер жеткеннен кейін өз отбасына оралуына немесе бауыр басқан үйінде қалуына еркі бар.

БЕСІК ЖЫРЫ. Сәби тәрбиесі мен мінез-құлқын қалыптастыруда бесік жырының орны мүлде бөлек. Ол баланың көкірек көзін ашады, жан жүйесін тербейді, сезімін сергітеді, көңіл-күйін көтереді. Әже мен ананың әлді сәбидің алғашқы өнер мектебі екені баршаға белгілі. Ұлы Абайдың "туғанда дүние есігін ашады өлең" деуі тегін емес. Бесік жырында ұлттық тәрбиенің үзік үлгісі жатыр. Алайда соңғы жылдарда бесік тербетіп, бесік жырын айтатын әже-аналар азайды. Бесік тербетуге жараған баланың өзі бөпесін өлең айтып ұйықтататын. Бұрын ананың бесік жырын сәби ғана емес, ауыл балалары, тіпті үлкендер де құлағын салып тыңдап отыратын. Кейінгі кездерде жастардың халық өніне назар аудармауы, өлең-жыр, домбыра әуеніне әуестенбеуінің бір себебі-осы бесік жырының ұмытылуында болса керек.

БЕСІК КЕРТПЕ. Отқа табыну дәуірінен қалған ырым. Баланы бесікке саларда қарт аналардың бірі шымшуырды отқа қыздырып, сонымен бесіктің басын, арқаларын қариды. От пен оның иісінен жын-шайтан, дерт-дербезе қашады-мыс. Бұл отпен аластаудың бір түрі. Қазақстанның кей жерлерінде ертеде "бесік кертті" құда болып, қыз бен ұлды бесіктегі кезінен атастыру салты да болған. Мұндайда ұлдың ата-анасы қыздың бесігін кертіп, теңге тағып, белгі-жора жасаған.

БЕСІККЕ САЛУ. «Әлди-әлди ақ бөпем, ақ бесікке жат бөпем" (Бесік жыры). Бесік -қасиетті, киелі құтты мүлік, сәбидің алтын ұясы болып есептеледі. "Ел іші - алтын бесік" деген сөз бесіктің құдіретін көрсетеді. Сәбиді қырқынан шығарған соң бесікке салу да халқымыз үшін елеулі дәстүрдің бірі. Бесікке салу жолы үлкен немесе елдің тәрбиелі, өнегелі әжелеріне, әйелдерге тапсырылады. Ол бесікті отпен аластап, "тыштырма" жасап алып, баланы бесікке бөлейді. Бесік үстіне жеті түрлі қадірлі, таза заттар қойылады. Бесікке салған адамға "бесікке салар" яғни көделі сый беріледі. Осындай қуаныш үстінде "Бесік жыры" айтылады.

Бесіктің сәби денсаулығына, тазалығына пайдасы өте зор. Бесіктегі сәбидің дене бітімі, қол аяғы, түзу, ширақ болады. Сондай-ақ бесік баланы кездейсоқ құлаған заттан, суық пен ыстықтан да қорғайды. Пәле-жаладан сақтасын деп ырымдап, оған тұмар, үкі тұяғы, жыланның бас сүйегі, кірпі терісі сияқты заттар тағып қояды.

Бесік ағаштан, негізінде талдан, ішінара аршадан, өрік, жиде ағашынан иіп жасалады. Себебі арша мен тал басқа ағаштай емес, иілмелі, морт сынбайды, құрт түспейді, жат иісі болмайды. Бесіктің мынадай құрал-жабдықтары болады: Жастық, мамық, жөргек, түбек, шүмек, қолбау, тартбау т.б.

(Сейіт Кенжеахметовтың "Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет - ғұрыптары" кітабынан).

Өнер

Өткен жұмада, наурыздың 13-інде Сарқан ауданынан түлеп ұшып, туған жерінің атын өнерімен асқақтатып жүрген М.Әуезов атындағы академиялық мемлекеттік ұлттық театрдың және қазақ киносының белгілі актеры, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, Сарқан ауданының Құрметті азаматы Саят Мерекеұлының 75 жасқа толуына орай салтанатты кеш өтті.

Сарқан аудандық Құман Тастанбеков атындағы мәдениет үйінде сыр-сұхбат түрінде өткен жүздесуге өнер жанашырлары көптеп жиналды. Көрермендер алдында рухани орталығымыз Алматыдан туған жеріне арнайы келіп отырған Саят ағамызбен сұхбат жүргізген Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Жомарт Игіман мерейгердің өнердегі белестері жайында көпшілік көкейіндегі сауалдарды ортаға салды да емен-жарқын әңгіме өріс алды.

Ұрпақтың рухани болмысын қалыптастыратын, жүрегіне сіңіретін Әбілхат суы – өнер адамының озық туындысы. Жеке тұлғаның рухани – адамгершілік өлемін түзетіп, гуманистік, философиялық, этикалық құлқы мен қалпын берік орнықтыратын, адамның жан дүниесіне, психологиясына тікелей әсер етіп тәрбиелейтін, гольфстрим ағысындай мәңгі мұзды ерітіп өзгертетін, қайта тудыратын – ұлттық мәдениет, ұлттық өнер, озық әдебиет, озық ұлттық менталитет. Осы тұрғыда сахнадағы, кинодағы қайталанбас рөлдерімен көрермендер санасына терең із қалдырып

Театр тарланына Құрмет көрсетілді

жүрген талантты жерлесімізді мерейтойымен Жетісу облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Қуаныш Сүлейменов құттықтап, облыс әкімінің Құрмет грамотасын табыс етіп, иығына шапан жапты. Келесі кезекте Сарқан ауданының әкімі Ғалымжан Маманбаев туған жеріне ту тігіп, өнерпаздар театрын ашып, Сарқан халық театры атағын алып берген, өнерімен кейінгі буынға өнеге болып жүрген, өнерінің мұратын өмірінің мұратына айналдырған кино мен театрдың тарланына жерлестерінің атынан арғымақ мінгізді.

Биік төбенің басына шықсаң көзің ашылады, толқынды теңізге түссең



құлашың жазылады. Қызырпейілді адаммен сырлассаң, көңілің көтеріледі. Жүздесу барысында Саят аға жанын аямаған адам ғана жақсы актер болатынын, бұл мамандықтың өзіндік қиындығы мен қызығын ортаға салды. Сондай-ақ ағасының бітім-болмысы, әулеті жайында мерейгердің

туған інісі Жанат Мерекеұлы сыр толғап, ауылдастарының ықылас-пейілін Сарқан ауданының Құрметті азаматы Қадыр Абдрахманов жеткізді.

Саят ағаны туған жерінен дарыған өнері көкке өрлетсе, өз кезегінде актер өз елінің атын асқақтатты. Өнер адамымен жүздесуге жиналғандар өмір мәнін жүрегінен өткеріп, тіршілікте көп түсініп, көп көрген Сарқанның саңлағына деген туған жерінің құрметін молынан сезінді.

П.ЖЕҢІСХАН.



Адам денсаулығын сақтау жолында аянбай еңбек етіп жүрген ақ халатты абзал жандардың орны қашанда бөлек. Әсіресе нәзік жандылардың осы жауапты салада табанды еңбек етіп, ел сенімін ақтауы – үлкен құрметке лайық. Солардың қатарында құлақ, мұрын, тамақ ауруларын емдеп, халықтың алғысына бөленіп жүрген ЛОР дәрігерлердің еңбегі ерекше. Сондай жандардың бірі, жас болса да біліктілігімен, білімімен көптеген жандардың алғысын арқалаған Сарқан аудандық орталық ауруханасының ЛОР - дәрігері Тұрғанова Мөлдір Мұхтарханқызы.

КӨП АЛҒЫСЫН АРҚАЛАҒАН



дертіне бейжай қарамай, жанашырлық танытып, көп алғысына бөленіп келеді. Алғысқа лайық кейіпкеріміз науқастарды мұқият тексеріп, дер кезінде ем тағайындап, жылы сөзімен де қолдау көрсетеді. Осы ретте көп жағдайда дәрігердің мейірімділігі мен сабырлылығы науқастың тез сауығып кетуіне үлкен әсер ететіндігін айта кеткеніміз жөн.

Осылайша кәсібіне адалдық танытып, халықтың денсаулығын қорғауға үлес қосып жүрген Мөлдір Мұхтарханқызының еңбегі ел арасында ғана емес, басшылық тарапынан да жоғары бағаланып келеді. Оған жыл сайын алатын түрлі марапаттары дәлел. Оның қабылдауына кел-

ген әрбір адам сапалы медициналық көмек алып қана қоймай, дәрігердің қамқорлығын сезінеді. Сондықтан да ол көпшіліктің шынайы алғысына бөленіп, әріптестері мен қарапайым тұрғындар арасында зор құрметке ие.

Қазіргі таңда Сарқан аудандық электр желілері кәсіпорнында аға шебер болып еңбек ететін жолдасы Рауан екеуі бір қызды тәрбиелеп, өсіруде.

– Келешекте қызым да денсаулық саласында еңбек етсе, адам жанына араша түсіп, дәрігер деген ардақты мамандықты иеленсе деген арманымыз бар,- дейді Мөлдір Мұхтарханқызы.

Жалпы медицина саласында еңбек ету – тек мамандық емес, ол адам өміріне деген жауапкершілік. Осындай қызығынан қиындығы басым жолды саналы түрде тандап, халыққа сапалы медициналық қызмет көрсетіп, өңіріміздің денсаулық сақтау саласының дамуына өз үлесін қосып жүрген Мөлдір Мұхтарханқызының ерен еңбегі қандай құрметке болсын лайықты. Халықтың алғысын арқалап жүрген мұндай дәрігерлер ауданымызда көптеп саналады, әрі олар – қоғамның мақтанышы, еліміздің тірегі.

Сөзімізді түйіндей келе аталмыш ақ халатты абзал жанға еңбегің әрқашан еленіп, көпшіліктің ыстық ықыласы өмір жолыңды нұрландырсын деген лебізімізді білдіреміз. Өйткені адам денсаулығын сақтауға үлес қосу – ең үлкен сауапты іс.

Партия ЖЕҢІСХАН.

Қолөнер

Ана көрген - ТОН ПІШЕР

Сарқан ауданы, Қарабөгет ауылының тұрғыны Гүлнұр Солтан – ұлттық қолөнерімізді дамытуға үлес қосып келе жатқан кәсіпкер.

Қытай Халық республикасында 1978 жылы дүниеге келген қандасымыз 2008 жылдан бері Қарабөгет ауылына отбасымен қоныстанып, тұрақтап келеді. Сарқан аудандық іскер әйелдер кеңесінің мүшесі болып табылатын кейіпкеріміз өңірдегі қолөнердің өркен жаюына өз үлесін қосып келеді.

–Анам өте ісмер жан болатын. 16 жасымнан оның текемет басып, алаша тоқығанын көріп, бұл өнерді бойыма сіңіріп өстім. Жасыратыны жоқ, қазір көпшілік қой жүнінің қадірін білмейді. Бірде осылай ешкімге керек болмай қалған қой жүндерін көргенде анамның әрекеті есіме түсе берді. Содан шашылған жүндерді жинап алып, жақсылап жуып, тазалап, шуашын кетіріп, сабадым. Түтілген дайын өнімнен анамнан үйренген көрпе, қыз жасаулары сияқты бұйымдарды жасауды қолға алдым. Осылайша, байлығымызды қор қылмайын деп бастаған ісім бүгінде кәсібіме айналып шыға келді, – дейді Гүлнұр ханым.

Бүгінде кәсіппен айналысамын деушілерге өзін-өзі дамытуға мүмкіндік мол. Жүннен жасалған бұйымдар – үйдің сәні, ал, тоқылған бұйымдар суық өткізбейді. Тапсырыс бойынша байпақ, қолғап, тіпті аяқ киім (шөркей), балаларға киім, құрақ көрпелер дайындалады.

–Жалпы, қой жүнінің адам денсаулығына тигізетін пайдасы орасан зор. Одан жасалатын бұйымдар, тоқылатын түрлі де сәнді әрі әдемі. Бала күнімізде апаларымыз қой жүнін түтіп, сабап, киіз басып, білектейтін. Киіз басу былай тұрсын, қазір ұршық иіріп, шұлық тоқитын апалар жоқтың қасы. Біле білгенге қойдың жүнінен жасалған бұйымдар оңайлықпен жыртыла қоймайды. Әрі жылуды жақсы сақтайды, – дейді шебер.

Кәсіпкердің алдыға қойған жоспары кәсібін одан ары дамытып, ізінен ерер шәкірт тәрбиелеу болып отыр.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.



• Желтоқсан қозғалысына - 40 жыл

«Халық Қаһарманы» Қайрат Рысқұлбеков биыл 13 наурызда 60 жасқа толар еді. Еліміздің тәуелсіздігі жолындағы халқымыздың ғасырлар бойы жүргізген ұлт-азаттық күресінің, соның құрамдас бөлігі болып табылатын Қайрат Рысқұлбеков сияқты ұлтжанды, шынайы патриот жастар Желтоқсан көтерілісінің құрбаны болған.

1986 жылғы желтоқсанда орталықтың әміршілдік әкімшілдік, солақай саясатына қарсы алғаш рет бас көтеріп шыққан ұл-қыздарымыздың ерліктері көпке аян. Сол көтерілісте халқым деп аттандап жүріп, жазықсыз жазаға тартылған Қайрат Рысқұлбеков та болғаны мәлім.

Қайрат Рысқұлбеков 1966 жылы 13 наурызда Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Бірлік ауылында малшы әулетінде

Еменнің иір бұтағы

дүниеге келген. Қайрат 1973-1981 жылдары Шу ауданындағы Төле би ауылына орналасқан мектеп-интернатта оқып сегіз жылдық білім алды. Мектепте сабақты жақсы үлгеріп, кластан класқа емтихансыз көшіп отырды. Қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, мектептің бастауыш комсомол ұйымының хатшысы болды. Ал 1981-1983 жылдары Бірліктегі бұрынғы Киров атындағы орта мектепте оқып, он жылдықты бітірген соң, әскер қатарына шақырылғанға дейін әкесі Ноғайбайға жәрдемші-малшы болып, Көктерек саудасүт фермасында жұмыс істеді. 1984-1986 жылдары Амур өлкесі Белогор қаласында әскери міндетін абыроймен өтеді. Әскери-саяси қызметтердің үздігі ретінде бірнеше мақтау қағаздарымен марапат-

талып, әскери бөлімше командирлері ата-анасына алғыс айтқан құрмет қағаздарын жіберді. 1986 жылы мамырда әскери борышын өтеп ауылға келіп, тамыз айында әскери бөлімшенің жолдамасымен Алматы сәулет-құрылыс институтына келіп сынақтан сүрінбей өтіп, оқуға түсті.

1986 жылы 16-желтоқсанда Қазақстанның бас тізгіні қайдағы біреуге тапсырылуына наразылық білдірген жастар мен студенттерге қосылып, Қайрат алаңға шығып, шеруге қатысты. Жиналғандар орталықтың кадр саясатын жүргізудегі өктемдігіне наразылық білдірді. Наразылықтың көш басында жастар – студенттер мен жұмысшылар болды.

Митингтің бір қалыпты, тәртіппен өтіп жатқанына қарамастан, үкімет

басшыларының бұйрығымен жетіп келген жендеттер қарулы күш қолданып, құр қол жиналған жеткіншіктерді аяусыз ұрып-соғып, алаңды қып-қызыл қанға бояды. Ит қосып, өрт сөндіргіш машиналармен су шашып, жығылған, мерткікен жандарды қала сыртына өкетіп жатты.

20 жастағы Қайрат Рысқұлбековке ең ауыр жаза – өлім үкімі шығарылды. Кейін үкім 20 жылға ауыстырылды. Бірақ Қайрат түрмеде жұмбақ жағдайда қайтыс болды. 1992 жылы Қайрат Рысқұлбековты толық ақтады. 1996 жылы «Халық Қаһарманы» атағы берілді.

Қайрат Рысқұлбеков – желтоқсанның символына айналған ерлік иесі.

Ж.УНЕРХАНОВА,
«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ Сарқан филиалының жоғарғы санатты архивісі.

АҒЫЛШЫН ТІЛІ — БІЛІМ МЕН МҮМКІНДІКТІҢ КІЛТІ

Қазіргі жаһандану дәуірінде шет тілдерін меңгеру – заман талабы. Әсіресе ағылшын тілі әлемдік ғылымның, білімнің және технологияның негізгі тіліне айналып отыр. Сондықтан ағылшын тілін мектеп қабырғасында сауатты үйрену жас ұрпақтың болашағы үшін аса маңызды.

Бүгінде ағылшын тілі халықаралық қатынастың, ғылым мен білімнің, бизнестің және ақпараттық технологияның басты құралына айналды. Әлемдегі көптеген ғылыми еңбектер, жаңалықтар мен зерттеулер алдымен ағылшын тілінде жарияланады. Сол себепті бұл тілді меңгеру арқылы адам әлемдік білім қорына еркін қол жеткізе алады. Осы орайда ұлт тұлғасы Ахмет Байтұрсынұлының «Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға – оқу керек. Бай болуға – кәсіп керек. Күшті болуға – бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» деген даналығы еріксіз ойға оралады. Сондықтан жаһандық тіл – ағылшын тілін үйрену ертеңіміз үшін керек.

Мектеп қабырғасынан бастап ағылшын тілін үйрену оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, таным көкжиегін арттырады. Шет тілін меңгеру есте сақтау қабілетін дамытып, жаңа мәдениеттерді тануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар ағылшын тілін жақсы білетін жастар үшін шетелдік жоғары оқу орындарында білім алу, халықаралық бағдарламаларға қатысу және түрлі салаларда еңбек ету мүмкіндігі арта түседі.

Бүгінгі күні білім беру жүйесінде ағылшын тілін оқытуға ерекше көңіл бөлінуде. Түрлі заманауи әдістер мен цифрлық технологияларды қолдану арқылы оқушылардың тіл үйренуге деген қызығушылығы артып келеді. Бұл өз кезегінде олардың тілдік дағдыларын қалыптастыруға және білім сапасын арттыруға ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, ағылшын тілі – тек пән ғана емес, ол – білім мен жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын маңызды құрал. Сондықтан жас ұрпақтың ағылшын тілін терең меңгеруі – олардың жарқын болашағына жасалған сенімді қадам.

Ақбота ЕРБОЛАТ,
«Алмалы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ ағылшын тілі пәні мұғалімі.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ – САПАЛЫ БІЛІМГЕ БАСПАЛДАҚ

Қазіргі таңда ғылым мен технология қарыштап дамып, білім беру саласына да жаңа мүмкіндіктер алып келді. Соның ішінде жасанды интеллектіні қолдану – оқыту үдерісін жетілдірудің тиімді жолдарының бірі. Жасанды интеллект арқылы білім беру жүйесі жаңаша сипат алып, оқушылардың білім алуына қолайлы жағдай жасалуда.

Жасанды интеллект – адамның ойлау қабілетін белгілі бір деңгейде қайталай алатын технология. Білім беру саласында бұл технология оқушылардың білім деңгейін анықтап, олардың қабілетіне қарай жеке тапсырмалар ұсынуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде әрбір оқушы өз қарқынымен білім алып, тақырыптарды тереңірек меңгереді. Ең бастысы мұғалім оқушыға дұрыс бағыт-бағдар берсе, жасанды интеллект сол негіздегі білімді жетілдіреді.

Сонымен қатар, жасанды интеллект мұғалімдердің де жұмысын жеңілдетеді. Сабаққа қажетті материалдарды дайындау, оқушылардың білімін талдау, бағалау жұмыстарын автоматтандыру арқылы ұстаздарға шығармашылықпен жұмыс істеуге көбірек уақыт береді. Бұл өз кезегінде сабақтың сапасын арттыруға ықпал етеді.

Жасанды интеллект негізіндегі білім беру платформалары оқушылардың қызығушылығын арттырып, жаңа ақпаратты тез қабылдауға көмектеседі. Интерактивті тапсырмалар, онлайн жаттығулар мен виртуалды көмекшілер білім алушылардың ойлау қабілетін дамытып, білімді тәжірибемен ұштастыруға мүмкіндік береді.

Сөзсіз «Мектептің жаны - мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі - білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім» деп ұлт ағартушысы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай білім ордасындағы басты тұлға ол мұғалім. Ұстаз тек жасанды интеллектіні орынды пайдаланып, шәкірттеріне тиімді бағыт белгілей білгенде ғана шығармашыл, парасатты тұлға тәрбиелеуге болады.

Яғни, жасанды интеллектіні білім беру саласында тиімді пайдалану – сапалы білімге апарар маңызды баспалдақ. Заманауи технологияны дұрыс қолдана білген жағдайда, болашақ ұрпақтың білімді, бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасуына үлкен жол ашылады.

Улбала СТЫБАЕВА,
«Алмалы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ информатика пәнінің мұғалімі.

ОЙЫННЫҢ БАЛА ДАМУЫНА ӘСЕРІ

Ойын – баланың табиғи қажеттілігі және оның жан-жақты дамуының маңызды құралы. Бала кішкентай кезінен бастап қоршаған ортаны ойын арқылы танып, өмірдің алғашқы дағдыларын меңгереді. Сондықтан ойын тек көңіл көтеру емес, ол – тәрбиелік және білімдік маңызы зор әрекет. Ойын барысында бала өзін еркін сезінеді, ішкі мүмкіндіктерін ашып, белсенді әрекетке түседі.

Ең алдымен, ойын баланың ойлау қабілетін дамытады. Өртүрлі логикалық және рөлдік ойындар арқылы бала шешім қабылдауды, салыстыруды және талдауды үйренеді, себеп-салдарлық байланыстарды анықтайды. Сонымен қатар ойын кезінде баланың қиялы дамып, жаңа идеялар ойлап табуға бейімделеді. Бұл оның шығармашылық қабілетінің қалыптасуына үлкен әсер етеді. Қиялға негізделген ойындар баланың дүниетанымын кеңейтіп, танымдық қызығушылығын арттырады.

Ойынның әлеуметтік маңызы да ерекше. Балалар бірге ойнау барысында бір-бірімен сөйлесіп, өзара түсінісуді үйренеді. Олар кезек күтуді, ережені сақтауды және ортақ мақсатқа жетуді меңгереді. Мұндай әрекеттер баланың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырып, қоғамға бейімделуіне көмектеседі. Ұжымдық ойындар арқылы бала достық қарым-қатынасты нығайтады, өз пікірін ашық білдіруге және өзгені тыңдауға дағдыланады. Ортақ ережеге бағыну, әділдік сақтау, жауапкершілік сезіну сияқты қасиеттер ойын үстінде табиғи түрде қалыптасады.

Заттық және дидактикалық ойындар кезінде бала кез келген затты сипаттау арқылы сөздік қорын байытып, тіл байлығын дамытады. Сонымен қатар зейіні тұрақтанып, есте сақтау қабілеті артады. Балалар жаңа мәліметтерді жеңіл қабылдап, білімін тәжірибе арқылы бекітеді. Белсенділігі өсіп, өзіндік ойлау қабілеті қалыптасады.

Қимылды ойындар денсаулыққа пайдалы. Жүгіру, секіру және қозғалысқа негізделген ойындар баланың бұлшық етін дамытып, шыдамдылығын арттырады. Дене қимылы арқылы бала шапшаңдыққа, икемділікке үйренеді. Сонымен қатар белсенді ойындар баланың көңіл күйін көтеріп, өзіне деген сенімділігін күшейтеді. Дұрыс ұйымдастырылған ойын әрекеті баланың психологиялық саулығына да оң әсерін тигізеді.

Қорытындылай келе, ойын – баланың дамуының ажырамас бөлігі. Ол арқылы бала білім алып қана қоймай, өмірлік маңызды дағдыларды меңгереді, тұлға ретінде қалыптасады. Сондықтан ата-аналар мен мұғалімдер ойынның тәрбиелік мүмкіндігін тиімді пайдаланып, балаларға бағыт-бағдар беріп отыруы қажет. Ойын – балалық шақтың мәні ғана емес, болашақ тұлғаның берік іргетасы.

К.ТУКЫМБЕКОВА,
№ 1 мектеп – гимназиясының мектепалды даярлық сынып тәрбиешісі.

Туберкулез

Туберкулез – өте кең тараған жұқпалы ауру. Жұқтыратын микробтың аты КОХ таяқшалары деп аталады. Туберкулез ауру адамнан сау адамға ауа арқылы және басқа жолмен жұғады. Туберкулез қазақша көксау деп халық арасында айтылған. Көбінесе туберкулез өкпені және басқа органдарды зақымдайды, сүйек, тері, бүйрек, көз, миды да зақымдайды. Туберкулез таяқшалары ауада ұшып жүреді. Ауа тамшылары арқылы ауру адамнан сау адамға жұғады. Кейде малдан да адамға жұғады, тұрмыстық заттар арқылы – орамал, төсек, көрпе жамылу арқылы жұғады. Туберкулездің жұғу жолдары - ауа арқылы бір үйде бірге жүргенде ауа арқылы жұғады, бірге тамақтанғанда, сүйіскенде сілекей арқылы жұғады.

ТУБЕРКУЛЕЗ БЕЛГІЛЕРІ: 1-2 жетіден асқан жөтел, салмақ тастау –арықтау, бастың ауруы, таңертең бас ауруымен тұру, тершеңдік әсіресе түнде, тез шаршау – әлсіздік, селқостық, дененің ыстығының көтерілуі - 37, 37.5 градусқа дейін, кеуденің шаншу қадалуы, жөтел қан араласқан қақырық болады.

ТУБЕРКУЛЕЗДІҢ АЛДЫН АЛУ: салауатты өмір салтын сақтау, дұрыс тамақтану, жақсы тұрмыстық жағдай, таза ауада көп болу. Шылым шегулер көбінесе туберкулезге ұшырайды, вич инфекциямен ауырған аурулар, қант диабетімен ауырған аурулар, иммунносупрессивный – гармон қабылдайтын аурулар, түрмеде отырған адамдар, тазалық сақтамайтын адамдар шалдығады.

Вакцинация жаңа туған нәрестелерге жасалады. Мектеп жасындағы балаларға Манту тексерісі жасалады – балалар туб.инфекциясына ұшыраса көрсеткіш + болады. Ондай балаларға химио-профилактика тағайындалады –дәрі қабылдауы тиіс.

Ең бастысы әр адам жылдағы флюорографиядан өтіп тұру қажет, сонда уақытылы ауырса емделеді. Туберкулез емделетін ауру – осыны білген абзал.

С.ТУЛЕГЕНОВА,
Сарқан аудандық ауруханасының дәрігер терапевті.

• Мемлекеттік тіл

Тәуелсіз елдің тұғыры

Тіл – ұлттың жаны, халықтың рухани байлығы мен мәдениетінің айнасы. Әрбір елдің тәуелсіздігі мен тұтастығы оның мемлекеттік тілі арқылы айқындалады. Сондықтан қазақ тілі – Қазақстан халқын біріктіретін, ұлттық болмысты сақтайтын ең басты құндылықтардың бірі. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру – барша қоғамның ортақ міндеті.

Тәуелсіздік алған жылдардан бері елімізде қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту, оны қоғам өмірінің барлық саласында дамыту бағытында көптеген жұмыстар атқарылып келеді. Мемлекеттік тілдің дамуы – елдің дамуы, ұлттық болашағы. Тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол – тарихтың, мәдениеттің, салт-дәстүрдің, ұлттық дүниетанымның сақтаушысы. Осы бағытта тілдерді оқыту орталықтарының да атқарып отырған жұмысы ерекше. Тіл оқу-әдістемелік орталықтары мемлекеттік тілді үйрету арқылы қоғамдағы тілдік ортаны қалыптастыруға, азаматтардың қазақ тілін меңгеру деңгейін арттыруға үлес қосып келеді. Орталықта түрлі деңгейдегі тіл курстары ұйымдастырылып, заманауи әдіс-тәсілдер арқылы тыңдаушылардың тілдік дағдыларын дамытуға жағдай жасалуда. Сабақ барысында оқылым, жазылым, тыңдалым және айтылым дағдыларына ерекше көңіл бөлініп, мемлекеттік тілді еркін меңгеруге бағытталған тиімді тапсырмалар қолданылады.

Мемлекеттік тілді меңгеру – тек тіл үйрену емес, ол – елге, жерге деген құрметтің белгісі. Тілді білу арқылы адам халықтың мәдениетін, рухани дүниесін, дүниетанымын терең түсінеді. Сондықтан әрбір азамат мемлекеттік тілді үйренуге, оны құрметтеуге және күнделікті өмірде қолдануға ұмтылуы қажет.

Қазақ тілі – тәуелсіздігіміздің тірегі, елдігіміздің белгісі. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру – әрбір қазақстандықтың азаматтық борышы. Тілімізді құрметтеп, оның қолданыс аясын кеңейту арқылы біз болашақ ұрпаққа рухани бай, бірлігі бекем елді аманат ете аламыз.

Қорыта айтқанда, мемлекеттік тіл – тәуелсіз елдің тұғыры, ұлттық бірліктің негізі. Сондықтан тіліміздің абыройын асқақтатып, оны қоғам өмірінің барлық саласында кеңінен қолдану – баршамыздың ортақ міндетіміз.

А.АУЕЛБЕКОВА,

Жетісу облысы «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы Сарқан аудандық филиалының мемлекеттік тіл курсының оқытушысы.

• Ауыл азаматы

Сана мен қоғамның жаңғыруы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің бағдарламалық сөздерінде Әділетті Қазақстанды құрудың басты шарты – «Адал азамат» тұжырымдамасы екенін ұдайы айтып келеді. Президентіміз атап өткендей: «Бізге қоғамда еңбексүйгіштік, адалдық және өз еліне деген жауапкершілік сияқты қасиеттер үстемдік құруы қажет».

Бүгінде Сарқан ауданына қарасты Ақтұма ауылы осы биік құндылықтардың іс жүзіндегі нақты үлгісіне айналып отыр. Бұл ауылдағы дүкен сөрелерінен сіз «ащы суды» таба алмайсыз. Мұндай батыл әрі игі қадамға барған – ауылдағы үш дүкеннің иелері, нағыз ұлтжанды кәсіпкерлер: Жанна Далдабаева, Самал Навашева және Катима Абанова.

Ақтұмада осы үш кәсіпкердің сауда нүктелерінен басқа дүкен жоқ. Егер олардың бірі тек жеке пайданы ғана ойлап, ішімдік саудасына жол бергенде, ауыл жастарының жағдайы мүлдем басқаша болар еді. Алайда, бұл үш кейіпкеріміз өзара мәмілеге келіп, бірнеше жылдан бері спирттік ішімдіктерді айналымнан мүлдем шығарып тастаған. Олар бұл қадамға тек Ораза айында емес, жыл бойы берік ұстаныммен қарап келеді.

Жанна, Самал және Катиманың бұл ісі – жай ғана бизнес емес, бұл – нағыз патриотизм. Олар тек сауда жасап қана қоймай, ауылдың амандығы мен болашақ ұрпақтың саулығы үшін үлкен азаматтық жауапкершілікті арқалап отыр. Кәсіп иелері үшін табыстан гөрі ауылдың тыныштығы, отбасылардың берекесі мен жастардың тәрбиесі биік тұр.

Еліміздің жаңарған Конституциясы мен мемлекеттік саясат адам капиталын дамытуды, ұлтты сауықтыруды басты орынға қояды. Ақтұмалық кәсіпкерлердің бұл ұстанымы – заңмен емес, ең алдымен ар-ұжданмен бекітілген шешім.

Олар өз ауылдарында ішімдікке қолжетімділікті шектеу арқылы келесі нәтижелерге тікелей үлес қосуда: Қылмыстың азаюына; Салауатты өмір салтының қалыптасуына; Жастардың жат қылықтардан аулақ болуына.

Бұл – «Адал азамат» тұжырымдамасының ауыл деңгейіндегі жарқын көрінісі. Ақтұманың кәсіпкерлері өз істерімен бүкіл елге үлгі болып, қоғамдық сананың өзгеруіне жол ашуда.

Гульжахан ДУКАНҚЫЗЫ.

Бруцеллез – жануардан адамға жұғатын аса қауіпті жұқпалы ауру.

Жұқпалы ауру көзі бруцеллезбен ауыратын жануарлар (қой ешкі, ірі қара мал, шошқа, ит, кейбір жағдайда бұғы, түйе, жылқы малы) болып табылады. Бруцеллез қоздырғыштары ауру малдың етінен де, сүт өнімдерінен де жұға береді. Сондықтан сүтті тек қайнатылғаннан кейін ғана пайдалану қажет, шикі немесе шала піскен етті жеудің қатерлі екенін естен шығармау керек. Ауру сырқаттың барлық мүшесіне зиянын тигізеді. Атап айтсақ, буындардың, жүрек-қан тамырларының, демалу және ас қорыту жүйелерінің, зәр шығару органдарының, орталық жүйке жүйесінің, лимфа түйіндерінің, көк бауырдың жұмысын нашарлатады, көз бен құлақтың көру және есту қабілеті төмендейді. Егер толық ем қабылданама, адамның мүгедек болып қалуы ықтимал.

Аурудың негізгі белгілері мыналар: дене қызуының ұзақ уақыт көтерілуі, қалтырап тоңу, бастың ауыруы, әлсіреу, дененің түршігі және қатты терлеу, әсіресе, түнге қарай бірнеше аптадан соң буындар ісініп, ауыра бастайды. Егер де осы айтылған белгілер сізді мазаласа, дәрігерлік көмекке жүгінгені дұрыс.

Аса қауіпті жұқпалы ауру

Бруцеллез ауруының ең қатерлі, көп тарайтын мезгілі көктемгі мал төлдету мен қой қырку кезеңі. Осы науқандар кезінде әсіресе, сақтық шараларын қатаң орындап, мал шаруашылығына араласатын адамдарды арнаулы киімдер мен резеңке қолғап, етік және тағы басқа керекті жабдықтармен қамтамасыз ету керек. Жұмыстан кейін қолды бірнеше рет сабындап жуу, түсік түскен жерді арнаулы дәрімен дезинфекциялау, қолдағы ұсақ жарақаттарды уақытында емдеп, қолға арнаулы қолғап киіп жұмыс істеу-осының бәрі адамның жеке басының бруцеллез ауруынан сақтану шаралары болып табылады.

Аурудың жұғуының алдын алу үшін: - ауру жануарды уақытында анықтау және оқшаулау, жануарға күтім жасағанда арнайы киімді (халат, кленкалы алжапқыш, резіңке етік және қолғапты) қолдану, жан-жауарларға күтім жасау

ережелерін сақтау, арнайы ерітіндімен жануар тұратын жерді залалсыздандыру, қауіпті топқа жататын адамдар (сауыншылар, малшылар, ет комбинатының қызметкерлері) үшін бруцеллезге қарсы екпе қолдану; жүйелі профилактикалық тексеруден кемінде жылына 1 рет өту, жануарларға күтім жасайтын тұлғалар үшін жеке тазалық ережесін сақтау, сабынды ыстық сумен үнемі қолды жуу, жаңа сауылған сүтті тұтынбау, тек қайнатылған немесе пастерленген сүтті тұтыну, ілеспе құжаттары жоқ ет және сүт өнімдерін жабайы сауда орындарынан сатып алмау. Сіз осы жоғарыда айтылған қарапайым талаптарды орындай отырып, өзіңізді, жаңыңызды бруцеллез ауруынан сақтай аласыз.

Г.ОСПАНОВА,

Сарқан аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

ОРМАНШЫ – ОРМАН САҚШЫСЫ

Орман – еліміздегі ең бағалы байлықтардың бірі. Сондықтан да мемлекетіміз осындай тұмса табиғатты күтіп ұстау, оны қорғау, түрлі табиғи апаттардан сақтау, өрттің алдын алу сияқты шараларды барынша тиімді жүзеге асырып келеді.

Алайда, табиғаттың бірден-бір жанашыры адам болуы тиіс. Осы мақсатта Бөрлітөбе орман шаруашылығы КММ-не қарасты Құрақсу орманшылығының орман-күтушілері белгіленген аймақтарына барып, тексеру жұмыстарын жиі жүргізеді. Жергілікті тұрғындардың басын қосып, қоршаған ортаны күтіп ұстау, оған залал келтірмеу мақсатында үгіт-насихат жұмыстарын жүйелі жүргізеді. Себебі, қоршаған ортаның таза болуы – сіз бен біздің қолымызда. «Атадан мал қалғанша тал қалсын» деген нақыл сөзде терең мағына бар.

Ал, орманшының басты қызметі – орман алқаптарын зерттеу, оларды есепке алу, ағаштар мен бұталардың тұқымынан және көшеттерден орман ағаштарын өсіріп, молайтып отыру.

Орман – ол оттегі, ылғал мен азайып бара жатқан тұщы судың қайта қалпына келуіндегі кепілдігі. Орман ол өртүрлі жануарлар мен құстардың өмір сүру ортасы. Біз уайымсыз демала алатын екінші үйіміз. Орманның алғашқы жауы өрт.

Орман өрті – үлкен апат. Ол орманға ғана емес, қоршаған ортаға да үлкен зиян келтіреді. Сондықтан ауыл адамдарын, келген қонақтар мен демалушыларды Табиғат ана сыйлаған асыл мұра- орманымызды сақтауға шақырамыз!

А.ӘМІРТАЙ,

Бөрлітөбе ОШКММ-нің Құрақсу орманшылығының орманшысы.

ОРТАҚ БАЙЛЫҒЫМЫЗ

Статистикаға сәйкес, орман өрттерінің көпшілігі адамның немісқайлығынан болады. Өрт өте қауіпті. Құрғақ ыстық ауа райында олардың ауқымы дүлей апаттарға өкеліп соғады. Орман өрттерінің нәтижесінде ұзақ уақытқа дейін көк шықпай, орны бос қалады. Оның себебі қызмет ережелерін бұзу және орманда оттың қауіптілігін бағаламау. Сөйтіп шыны ыдыс, түсіп қалған темекі тұқылы мен өшірілмеген от – бұның бәрі өрттің ықтимал көздері.

«Бөрлітөбе орман шаруашылығы» КММ-нің II- типтегі Ормандағы өрт сөндіру станциясында өрт сөндіру құралдары толық тексеріліп, алдағы өрт қауіпті маусымына дайындық жұмыстары жүргізілді. Техникалар мен жабдықтардың жарамдылығы қаралып, қызметкерлердің дайындық деңгейі пысықталды.

Ал өзіміздің айтарым, табиғатқа шығу кезінде ең басты ереже - ӨРТ ҚАУІПСІЗДІК ережесі. Өрттің алдын алу үшін келесі қарапайым ережелерді сақтауыңызды сұраймыз: Құрғақ шөпке от жақпаңыз; Орман мен алқапта ашық от қолданбаңыз; Шылым қалдығын тастамаңыз; Балаларға отпен ойнауға жол бермеңіз; Ауладағы қоқысты жағып емес, шығарып тастаңыз.

Өрттің куәсі болсаңыз, дереу 101 немесе 112 нөмірлеріне хабарласыңыз. Қауіпсіздік — әрбір тұрғынның ортақ міндеті! Өзіңізді және жақындарыңызды қорғау үшін өрт қауіпсіздігі ережелерін ұмытпаңыз!

Қар қабаты жер бетінен кеткеннен кейін біздің өңірде өрт қауіпті кезеңі басталады. Осыған орай, тұрғындарды табиғи және тұрмыстық өрттердің алдын алуға шақырамын. «Тілсіз жауға» жол бермес үшін сақтық шараларын қолға алайық.

Н.БАЙҒАМЫТОВ,

Бөрлітөбе ОШКММ-нің II- типтегі ОӘСС-ның басшысы.

Мемлекеттік қызметке іріктеудің жаңа тәсілі

2025 жылдың соңында Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет жүйесінде кадр саясатын жаңғыртуға бағытталған маңызды қадам жасалды. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2025 жылғы 8 желтоқсандағы №196 бұйрығымен өкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасу тәртібіне қатысты жаңа тәсілдер бекітілді.

Бұл құжат – кезекті нормативтік акт қана емес, мемлекеттік қызметке іріктеудің ашық, әділ және кәсібилікке негізделген жүйесін қалыптастыруға бағытталған маңызды ба-стама.

Өкімшілік мемлекеттік лауазым – тек қызметтік мәртебе емес. Бұл – елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ететін, азаматтардың өмір сапасына әсер ететін басқарушылық шешімдер қабылданатын жауапты сала. Сондықтан мұндай лауазымдарға іріктеу үдерісінің әділ әрі тиімді болуы мемлекеттік басқарудың сапасына тікелей әсер етеді.

Аталған құжат дәл осы мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталған. Құжатта «Б» корпусының өкімшілік мемлекеттік лауазымдарына ішкі және жалпы конкурстық өткізу қағидалары жаңартылып, конкурстық іріктеудің барлық кезеңдері нақты регламенттелген. Кандидаттарға қойылатын талаптар, тестілеу және бағалау рәсімдері, сондай-ақ конкурстық комиссиялардың жұмыс тәртібі айқын көрсетілген. Бұл мемлекеттік органдар мен үміткерлер үшін бірыңғай әрі түсінікті ережелер қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жаңа қағидаларда кәсіби құзыреттерді объективті бағалауға ерекше мән берілген. Қазіргі мемлекеттік қызмет тек тапсырманы орындаумен шектелмей, стратегиялық ойлай алатын, талдау жүргізетін және жауапкершілікпен шешім қабылдайтын мамандарды қажет етеді. Осы тұрғыда тестілеу және басқа да бағалау құралдары кәсіби дайындық деңгейі жоғары кандидаттарды анықтауға мүмкіндік беретін маңызды тетікке айналып отыр.

Жалпы алғанда, аталған бұйрық мемлекеттік қызметті жаңғырту бағытындағы реформалардың маңызды жалғасы болып табылады. Ол мемлекеттік қызметтің басты қағидаларының бірі – меритократияны нығайтып, кәсіби және адал мамандарды мемлекеттік басқару жүйесіне тартуға бағытталған.

Бүгінде тиімді мемлекеттік басқарудың басты ресурсы – сапалы кадрлық құрам. Сондықтан өкімшілік мемлекеттік лауазымдарды атқарудың жаңа қағидалары талап деңгейін арттыра отырып, білікті әрі жауапты азаматтар үшін жаңа мүмкіндіктер ашатын сөзсіз. Бұл – қоғам мүддесіне қызмет ететін ашық әрі заманауи мемлекеттік қызметті қалыптастыру жолындағы маңызды қадам.

Х.ДЕБИРОВА,

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет басқармасының бас маманы.

● Спорт



Жерлесіміз - чемпион



Қазақстандық боксшылар «Адриатика жауһары» турнирінде 19 медаль жеңіп алды.

Черногорияның Будва қаласында 17–18 жастағы спортшылар арасында 4–11 наурыз аралығында өткен халықаралық турнирде қазақстандықтар 7 алтын, 7 күміс, 5 қола медаль иеленді. Атап айтқанда Әділ

Асқанбай (50 кг), Данияр Акбисенов (60 кг), Ақжүрек Қалабай (65 кг), Мадира Жұмақан (48 кг), Рамина Маханова (54 кг), Алина Құдайғенова (60 кг), Алтынгүл Аймұхан (75 кг) халықаралық турнирде жеңіске жетіп, алтыннан алқа тағып, 7 рет Қазақстан Республикасының Әнұраны шырқалды. Осы чемпиондар легінде лайықты орын алған Сарқан ауданының М.Төлебаев ауылында туып-өскен жерлесіміз Алтынгүл Аймұханның жеңімпаздар тұғырынан көрінгенін мақтанш тұтамыз.

Өз тілшіміз.

ЕСКЕ АЛУ

Жазмыш осы, жоқ тіпті амалымыз

Сүйікті ұлдарыңыз Роланның қырда көрпе жамылғанына да қырық күннің жүзі болып қалыпты, қадірменді Марат - Лариса!!! Жаны жәннаттан болсын, өздеріңе құдай қуат беріп, жазмышқа көніп, немерелерді өсіріп - өрбітіп, ұрпақ қызығына бөленуге жазсын...

Сабыр сақтап жүрсе де саналымыз, Мұңға толып тұрады жанарымыз. Бауыры бүтін жалғанда пенде бар ма, Әр себептен бәріміз жаралымыз.

Ата - баба аттанған белес жаққа, Көтеріліп тұрады табанымыз. Біреуге ерте, біреуге кеш келетін, Бұл фәнидің бес күндік қонағымыз.

Әлімсақтан белгілі Аллаға аян, Тарқайтыны қай күні базарымыз. Қазаны естіп қалың ел қайғыруда, Жазмыш осы, жоқ тіпті амалымыз.

Енді ұлдың ұрпағын тербетіңіз, Тағдыр жүгін көтеріп белдесіңіз.



Роланның соңында ізі қалды, Шүкірлік қып осыған тәуба етіңіз.

Сыр бермейтін болса да жаны жара, Жақсы адам жолынан жаңыла ма?! Белді буып, еңсені тік ұстандар, Мықты ата атанып, алып ана!!!

Отбасылық достары.



Ауған соғысының ардагері, атпал азамат **Малайбеков Жанатбек Есқараұлын** бүгінгі күні сағынышпен еске аламыз. Тірліктегі татар дәмі таусылмағанда наурыз айының 30-ы күні туған күнін тойлап отырар едік. Амал қанша?!

Ауғандық ардагерлер – бейбіт өмірдің бағасын терең түсінген, ел тыныштығы үшін жанын шүберекке түйген батыр жандар. Мақтанып-масаттанудан жаны ада, қашанда тынымсыз тірліктің ортасында жүретін, жүрегі мейірімді, ісі қайырымды Жанатбек Есқараұлы да осындай азаматтардың қатарынан еді. Ол жастық шағын от пен оқтың арасында өткізді, талай қиындықты бастан кешірді. Соған қарамастан, елге аман оралып, қоғамның дамуына өз үлесін қосты.

Осынау туған күні азаматты сағына еске алып дұғамызды оқып, іштей Құран бағыштап, марқұмның алды пейіш, арты кеніш, алла алдынан жарылқап, жатқан жері жайлы, арты қайырлы болғай. Ендігі жерде марқұмның қалған өмірін, қызығын артында қалған ұрпағына берсін! Ағайын-туыс, ел-жұрты аман болсын деп тілейік. Біз Жанатбек Есқараұлының есімін, жарқын жүзін ешқашан ұмытпаймыз!

Сағына еске алушылар: ауғандық ардагер-достары.

Құттықтаймыз

Қымбатты да аяулы құрбымыз **Заурахан Байзақова!** Сені көктемнің көркем мерекесі – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл – жаңару мен жақсылықтың, үміт пен шаттықтың бастауы. Осы бір ерекше күні саған тек қана бақыт, зор денсаулық, таусылмас шаттық, отбасылық бақыт тілейміз. Әрбір атқан таң саған жаңа мүмкіндіктер сыйлап, жүрегіңді жылулық пен қуанышқа толтырсын!

Өз Наурыз саған құт-береке, молшылық пен шаттық әкелсін! Жаңа жылың тек жақсылықтарға толы болсын!

Өмірің гүлдей жайнап,
Арманың алға байлап,
Күнің нұрға бөленсін,
Жолың болсын сайрап.

Ізгі тілекпен: бір топ құрбылары!



Люди в белых халатах

Онкологическая служба в нашем маленьком районе, а точнее сказать в городе Саркане активно развивается, фокусируясь на раннем выявлении и современных методах лечения со злокачественными новообразованиями. Так у нас в районе работает профессор, доктор медицинских наук, врач с высшей категорией Шалбаева Раш Шарипбаевна и медсестра Вишнякова Раушан Слямбековна эти люди от бога. Как говорится «Спасение утопающего - дело рук самого утопающего». Перед дверью в этот кабинет у каждого пациента страх, тревога, беспомощность, а глазах мольба «помогите». Войдя в кабинет совсем другая обстановка, пациента встречает врач с медсестрой справляются о здоровье, выслушивают недуг, мотивируют на прохождение диагностического обследования, потом на лечебные процедуры как операционные вмешательства акцентируя на доступность высокотехнологическое лечение в областном центре. Борясь интенсивным лечением со злокачественными новообразованиями врач Раш Шарипбаевна проводит целый комплекс мероприятий, дает направление пациенту сочетающие лучевую и химию терапию с другими методами. Проводит доступную, разъяснительную беседу о физиологических особенностях, о выздоровлении. Ведь крайне важно взаимопонимание пациента с врачом, какие препараты переносит, какие нет и этим вырабатывает дальнейший план лечения. Одним из этих пациентов являюсь я. Много лет живет со мной этот диагноз. И я борюсь вместе с врачами. Конечно, не легко приходилось, но согласитесь со мной только вы сами сумеете перебороть этот недуг. Своевременное лечение, прохождения курса лечения, медикаментозное лечение ведут к исцелению. Разумеется, что меняется само течение заболевания. Поэтому диагностика - это первый и важный этап, способствующий эффективному лечению. Считаю, молодцы те, которые не сдаются, борются и успешно выздоравливают.

Я благодарна Вам за Ваши труды. Желаю Вам и Вашим пациентам здоровья и долголетия.

Ваш пациент Бакыт.

Хабарландыру

Сыдыков Ермади Токтахметовичтің атына берілген «А, В, С, D, BE, CE» категориялы жүргізуші куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Скляров Роман Васильевичтің атына тіркелген ВА3-21063 маркалы автокөліктің 351 ТКВ 05 мемлекеттік тіркеу номері және BS 00044496 номерлі техникалық куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

